

"Эротикалық сипаттағы материалдар жариялайтын мерзімді баспасөз басылымдарының бөлшек саудасының ережелері туралы" Қостанай қаласы әкімиятының 2002 жылғы 13 мамырдағы № 326 қаулысына, тіркеу нөмірі 1583, өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Қостанай қалалық әкімиятының 2004 жылғы 24 наурыздағы № 381 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2004 жылғы 12 сәуірде № 2871 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімдігінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 704 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімдігінің 03.04.2013 № 704 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 31-бабына, "Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі № 451-1 Заңына 14-тармағына сәйкес Қостанай қаласы әкімияты **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Эротикалық сипаттағы материалдар жариялайтын мерзімді баспасөз басылымдарының бөлшек саудасының ережелері туралы" Қостанай қаласы әкімиятының 2002 жылғы 13 мамырдағы № 326 қаулысына, тіркеу нөмірі 1583, бұдан әрі "қаулы", мына өзгерістер енгізілсін:

1. Қаулысына 2-тармағы мына редакцияда жазылсын: "Эротикалық сипаттағы материалдар жариялайтын мерзімді баспасөз басылымдарын сату мәселелері жөнінде қалалық комиссия құрылсын", оның дербес құрамы заң белгілеген тәртіппен № 2 қосымшаға сәйкес, қалалық мәслихаты сессиясының бекітуіне е н г і з і л с і н .

2. Қаулының 4-тармағы мына редакцияда жазылсын: "Осы қаулының орындалуына бақылау әкімінің орынбасары С.М. Төкеновқа жүктелсін".

3. Аталған қаулыға № 1 қосымшасына:

2-тармақ мына редакцияда жазылсын: "Эротикалық сипаттағы материалдар жариялайтын мерзімді баспасөз басылымдарын тек қана мөлдір ораммен буылып-түйілген күйінде және бөлшек саудада соған арнап әдейі бөлінген стационарлық үй-жайларда сатуға жол беріледі";

3-тармағының 2-тармақшасы алынып тасталсын.

Қала әкімі

Қостанай қаласы әкімиятының
2004 жылғы 24 наурыздағы
№ 381 қаулысына № 2 қосымша

**Эротикалық сипаттағы материалдар жариялайтын мерзімді
баспасөз басылымдарын сату мәселелері жөніндегі
комиссияның құрамы**

1	Төкенов Сакен Мәкенұлы	-	қала әкімінің орынбасары, комиссия төрағасы;
2	Шаяхметов Бақытжан Ақылбекұлы	-	"Қостанай қаласы әкімінің аппараты" Мемлекеттік мекемесінің қаланың ішкі саясаты мен әлеуметтік-мәдени дамуы бөлімінің бастығы, комиссия төрағасының орынбасары;
3	Жанділдин Самат Сәндібекұлы	-	"Қостанай қаласы әкімінің аппараты" Мемлекеттік мекемесінің қаланың ішкі саясаты мен әлеуметтік-мәдени дамуы бөлімінің бас маманы, комиссия хатшысы;
Комиссия мүшелері:			
4	Замлелова Раиса Константиновна	-	"Қостанай қаласы әкімінің аппараты" Мемлекеттік мекемесінің тұтыну рыногы бастығы;
5	Ағайдаров Марат Садықұлы	-	"Қалалық ішкі істер басқармасы" Мемлекеттік мекемесінің бастығы;
6	Божақов Әбдібек Баяхметұлы	-	"Қалалық мәдениет бөлімі" Мемлекеттік мекемесінің меңгерушісі;
7	Шек Генрих Генрихович	-	"Қалалық білім басқармасы" Мемлекеттік мекемесінің бастығы;
8	Баранов Владимир Иванович	-	"Қостанай газеті" Мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынының директоры (бас редакторы);
9	Успанова Лаура Амангелдіқызы	-	облыстық ақпарат және қоғамдық келісім басқармасының жетекші маманы (келісім бойынша).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК